 SATBAYEV UNIVERSITY	«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
3-деңгейдегі СМЖ құжаты	2024 жылғы « <u>16</u> » <u>01</u> • №1 редакция	Қ 029-03-01-03.1.01-2024

**«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық
зерттеу университеті» КЕАҚ
МВА және ЕМВА білім беру
бағдарламалары бойынша қабылдау
ҚАҒИДАСЫ**

Қ 029-03-01-03.1.01-2024


Алматы, 2024

Қ 029-03-01-03.1.01-2024	«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау қағидасы	8 беттің 2-беті
--------------------------	---	-----------------


АЛҒЫСӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Қабылдау комиссиясында **ӘЗІРЛЕНДІ**

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы
« 10 » 01 2024 ж.


М.Нарбаев

«Менеджмент және математикалық
экономика» кафедрасының
меңгерушісі
« 10 » 01 2024 ж.


А.Турегельдинова

2 КЕЛІСІЛДІ

Басқарма мүшесі - Академиялық
мәселелер жөніндегі проректор

« 06 » 03 2024 ж.




Р.Ускенбаева

Заңгерлік қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу басқармасы
бастығының міндетін атқарушы
« 11 » 01 2024 ж.


Т.Абуkenов

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы
« 11 » 01 2024 ж.


А.Сауранбаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету және
мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің
бастығы
« 10 » 01 2024 ж.


Ж.Орақбаева

3 Басқарманың 2024 жылғы « 12 » 01 № 1 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

4. Бірінші рет **ЕНГІЗІЛДІ**

Қ 029-03-01-03.1.01-2024	«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау қағидасы	8 беттің 3-беті
--------------------------	---	-----------------

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар	5
4	МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларына түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі	5
5	Түсу емтихандарын немесе әңгімелесуді өткізу тәртібі	6
6	БББ бойынша оқуға дайындығын бағалау критерийлері	6
7	МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау	6
8	Қорытынды	7
	Өзгерістерді тіркеу парағы	8

Қ 029-03-01-03.1.01-2024	«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау қағидасы	8 беттің 4-беті
--------------------------	---	-----------------

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы Satbayev University (бұдан әрі – Университет) МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша (БББ) қабылдау қағидасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 26 қаңтардың №29 бұйрығына сәйкес өзгерістерімен жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде әзірленді.

1.2 МВА бағдарламасы басқарудағы магистр біліктілік дәрежесі.

1.3 Executive МВА бағдарламасы – басшыларға, менеджерлерге, жұмысты басқару тәжірибесі бар кәсіпкерлерге арналған арнайы бағдарлама.

1.4 МВА және ЕМВА бойынша жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары қабылданады.

1.5 Шетелдік білім беру ұйымдарында білім туралы құжаттарды алған тұлғалар Университетке МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларына түсу үшін білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау процедурасынан өтуі қажет. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттарға (келісімдерге) сәйкес танылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Қағидада келесідей нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы;

2.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;

2.3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 26 қаңтардағы №29 бұйрығына сәйкес өзгерістерімен жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары.

Қ 029-03-01-03.1.01-2024	«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау қағидасы	8 беттің 5-беті
--------------------------	---	-----------------

3 МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар

МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларына жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген және кемінде 1 (бір) жыл жұмыс өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары немесе шетел азаматтары өтініш бере алады. ЕМВА бағдарламасына түсу үшін жұмыс тәжірибесі орта және/немесе жоғары басшылық лауазымда немесе жұмысты басқару тәжірибесі бар кәсіпкерде болуы керек.

4 МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларына түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі

4.1 Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін Университетте қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы Басқарма төрағасы - Университет ректоры болып табылады. Қабылдау комиссиясының құрамы Басқарма төрағасы - Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.2 МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларында оқыту жеке немесе заңды тұлғамен жасалатын білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

4.3 МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларында оқыту тек ақылы бөлімде жүзеге асырылады.

4.4 Шетел азаматтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте МВА немесе ЕМВА-ға қабылданады.

4.5 МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша түсетін ҚР азаматтары Университетке келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) Басқарма төрағасы - Университет ректорының атына еркін нысанда өтініш;
- 2) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);
- 4) өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосурет;
- 5) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) электрондық форматтағы 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
- б) жұмыс орнынан еңбек өтілін растау туралы анықтама.

Қ 029-03-01-03.1.01-2024	«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау қағидасы	8 беттің 6-беті
--------------------------	---	-----------------

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

Алдыңғы білім туралы диплом оқу аяқталғанға дейін Университеттің қабылдау комиссиясында қалады.

5 Түсу емтихандарын немесе әңгімелесуді өткізу тәртібі

5.1 МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларына түсетін тұлғалар түсу емтихандарынан немесе әңгімелесуден өтеді. Әңгімелесу нәтижелері бойынша үміткерді білім беру бағдарламасына қабылдау туралы шешім қабылданады. Әңгімелесуден өту кезінде ұсыным хаттардың болуы кұпталады.

5.2 Түсу емтихандарының немесе әңгімелесудің нәтижелері апелляцияланбайды.

5.3 Түсу емтихандарын немесе МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша әңгімелесуді өткізу кезеңінде Университетте комиссия құрылады.

5.4 Комиссия тиісті бейін бойынша ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамынан, Университет қызметкерлерінен құралады.

Комиссияның құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

6 БББ бойынша оқуға дайындығын бағалау критерийлері

6.1 Түсу емтихандарын немесе әңгімелесуден өту кезінде комиссия үміткердің МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша оқуға дайындығын келесі критерийлерге сәйкес бағалайды:

- мотивация және өзін-өзі ұйымдастыру;
- менеджмент негіздері бойынша білім;
- қарым-қатынас дағдылары;
- әдептілік.

6.2 Бағалау 100 балдық шкала бойынша жүргізіледі. Критерийлер бойынша бағалаудың үлес салмағы бір-біріне тең.

6.3 МВА және ЕМВА бағдарламаларына қабылдау үшін өту ұпайы – 70.

7 МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау

7.1 Түсу емтихандары немесе әңгімелесу және қабылдау семестр басталғанға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Қ 029-03-01-03.1.01-2024	«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау қағидасы	8 беттің 7-беті
--------------------------	---	-----------------

7.2 МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларына білім алушылар қатарына қабылдауды түсу емтихандарының немесе әңгімелесудің қорытындылары бойынша Қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

7.3 МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларында оқуды аяқтаған тұлғаларға «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесі беріле отырып, өз үлгісіндегі диплом беріледі.

7.4 МВА және ЕМВА білім беру бағдарламаларына түсушілерді қабылдау және алу жазғы және қысқы кезеңдегі академиялық күнтізбеге сәйкес демалыс уақытында жүргізіледі.

8 Қорытынды

8.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың осы Қағидаларымен регламенттелмеген мәселелерді ҚР қолданыстағы заңнамасына және ҚР ҒЖБМ нормативтік құжаттарына сәйкес Сәтбаев Университетінің қабылдау комиссиясы шешеді.

Қ 029-03-01-03.1.01-2024	«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ МВА және ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау қағидасы	8 беттің 8-беті
--------------------------	---	-----------------

Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгеріс тің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарлама нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, қолы, лауазымы